




## ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Теріскейде қоңыр күз басталысымен ауа райының төмендеуі өңірдің кезекті жылу маусымына әзірлік жайын ертерек қамдау қажетін еске салды. Өйткені былтыр облыстың бірқатар өңірінде, әсіресе Көкшетау, Степногор, Зеренді, Бурабай, Атбасар сияқты аудандарында жылу жүйелерінде ақаулар болып, халық біршама уақыт бүрсеңдеп отырды. Тіпті, Степногор қаласының жылу жүйесінде техногендік сипаттағы апаттың салдарынан халықтың айлар бойы мұздап қалғаны көптің есінде. Бурабайда да жылу қазандығына мазуттың еніп кетуінен аяз күшіне енген шақта біршама уақыт Щучинск және Бурабай кентінің халқы да жылусыз қалған. Жергілікті билік алдағы жазда тиісті шешім шығарып, алда қайталанбауын қатаң назарға алынатынын айтып, ант-су ішкен. Жылу маусымына әзірлік қалай жүзеге асырылып жатқаны жайлы құзырлы органдардан анықтап көрген едік.

(Жалғасы 6-бетте)



## КӨРШІНІҢ МҰРТЫН ҚАШАҢҒЫ МАЙЛАЙМЫЗ?

Көктен иіп, жерден беріп, биылғы егін бітік шықты. Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер мен өңірдегі жергілікті атқарушы органдар сары алтындай егістік алқаптардан бұрын-соңды болмаған өнім аламыз деп желпініп отыр. Дегенмен еліміздің солтүстік аймағындағы басты астықты өңірлерде жаз бойы сібірлеп жауған жаңбыр нақ егін орағы тұсында тағы жалғасып, үлкен кедергісін тигізіп тұр.

→ 7

## АЭС САЛУДЫҢ МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІ БАР



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың мүшелері кеше Алматы қаласында ғалымдармен, ЖОО оқытушыларымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесті. Штаб құрамында депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері бар. Кездесулерде АЭС салуға қатысты референдум аясындағы мәселелер талқыланды.

→ 3

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

### ҚАУІПСІЗДІККЕ БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ



→ 4

### ОЙЛАНУ – ЕҢ ІЗГІ ЖОЛ



→ 8

ДАМУ

## ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАБЫЛДАЙ БАСТАДЫ



Жетісу облысында биылғы күз берекелі болып тұр. Жергілікті бағбандардың айтуынша, жеміс-жидектен бұрын болып көрмеген өнім жиналуда. Астықтың да шығымы жақсы. Майлы дақылдарға жасалып отырған болжам да батыл. Ал еліміздегі қант қызылшасын өсіретін және қайта өңдеуден өткізіп, отандық ақ қант алатын аймақтың бірі болып саналатын өңірімізде биыл тәтті түбірге де үлкен үміт артылып отыр. Күні кеше облыстағы қант қызылшасын өсіретін аудандардағы қызылшашылар ерте көктемнен бастап төккен терлерінің етеуіндей болған тәтті түбір тонналарын Ақсу және Көксу қант зауыттарына тапсыра бастады. Әзірге өнім өсірушілер мен қайта өңдеушілер арасында түсінбестік туындаған жоқ. Осыдан біраз бұрын бірқатар мәселе талқыланып, тиісті орындар екі тарапқа араағайын болған еді. Сол жемісін берген-ау деп ойлаймыз.

→ 5

19 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Атом электр стансасын салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың мүшелері Алматы облысына келді. Штаб құрамында депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері бар. Олар өңірде кәсіпорын ұжымдарымен, кәсіпкерлермен және жергілікті жұртшылықпен кездесіп, Қазақстанда АЭС салуға қатысты референдум өткізу мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев облыс жұртшылығымен кездесуде Мемлекет басшысының АЭС салу мәселесіне қатысты жалпұлттық референдум өткізу туралы бастамасының маңызына назар аударды.

«Бүгін біз Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың АЭС салу мәселесі бойынша республикалық референдум өткізу туралы бастамасын талқылау үшін арнайы келіп тұрмыз. Мұндай маңызды мәселені дауысқа салу «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың жарқын көрінісі екені сөзсіз. Жалпы, бұл кадам еліміздің дамуына тың серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан қазақстандықтар АЭС салу туралы бастаманы қолдайды деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Штаб мүшелері Ш.Шөкин атындағы Қапшағай ГЭС-інің қызметімен танысып, станса мамандарымен және басшылығымен кездесті. Онда елдің энергетикалық секто-

рын дамыту перспективалары талқыланып, отандық кәсіпорындарды энергиямен тұрақты қамтамасыз ету және энергетикалық тәуелсіздікті нығайту мәселелеріне баса мән берілді.

«Қазіргі таңда елдегі барлық электр энергиясының басым бөлігін көмір электр стансалары береді. Осындай жағдайда бізге сенімді және қауіпсіз энергия көзі қажет. Атом энергетикасы осы мәселені оң шешуге мүмкіндік береді. Өйткені ол тұрақты, экологиялық таза және Қазақстанды ондаған жылдар бойы энергиямен қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ өзіміздің атом электр стансамамызды салу еліміздің көрші мемлекеттерден электр энергиясын импорттауды аяқталықтай қысқартуға ықпал етеді. Бұл Қазақстанның толық энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін айрықша маңызға ие және өте өзекті», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар АЭС салуды қолдау жөніндегі штаб мүшелері DAMU индустриялық-логистикалық аймағында

шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесті, сондай-ақ GREEN Land ALATAU жылыжайына барды. Кездесулер барысында атом электр стансасын салу ел дамуына мультипликативті әсер ететіні, мындаған жаңа жұмыс орындарын ашуға және инфрақұрылымды дамытуға тың серпін беретіні сөз болды.

«Атом электр стансасын салу — еліміздің болашағы үшін маңызды шешім. Бұл ретте әр азаматтың дауыс үлкен мәнге ие. Сондықтан бұл мәселеге жауапкершілікпен қарап, дұрыс шешім қабылдауымыз керек. Осы орайда қазақстандықтар АЭС салу бастамасын қолдап, еліміздің дамуына өз үлестерін қосады деп сенемін», — деп Мәулен Әшімбаев азаматтарды референдумға қатысып, дауыс беруге шақырды.

**Дайындаған:**  
**Nur Media ЖШС.**  
**Тапсырыс беруші:**  
**М.Ж.Оспанов**  
**«AMANAT» партиясы» ҚБ**  
**қаражатынан төленді**

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА ҚАНША ТУРИСТ КЕЛДІ?



Қыркүйек айында өткен іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстанға 2024 жылғы 1-13 қыркүйек аралығында келген шетелдік туристер саны 597 мыңға жетті. Оның 68 мыңы елімізге Астана және Алматы халықаралық әуежайлары арқылы, қалғандары авто және теміржол көлігімен келген.

Туризм және спорт министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауына, шетелдік туристер санының көбеюіне ықпал еткен негізгі факторлар — Дүниежүзілік көшпенділер ойынының өтуі мен танымал әнші Димаш Құдайбергеннің концерті. Аталмыш шараларға 89 мемлекеттің азаматтары келген.

«Шетелдік қонақтар негізінен Қытай, Ресей, Үндістан және Германия сынды мемлекеттерден келді. Мысалы, Қытайдан 8 мыңнан астам, Үндістаннан 6 мыңнан астам, Германиядан 4 мыңнан астам турист келген. Әлбетте, бұл деректер Қазақстанға туристік бағыт ретінде қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсет-

теді», — деп атап өтті Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

Вице-министрдің сөзінше, туристердің едәуір бөлігі Германия, Өзбекстан, Түркия, Қырғызстан, АҚШ және Оңтүстік Кореядан келді.

ЕҚопақ жүйесі Астанада 12,4 мыңға жуық шетелдік туристі тіркелді. Олардың тұруға, көлікке, тамақтануға және ойын-сауыққа жұмсаған жалпы шығындары 15,5 млн АҚШ долларын немесе 7,5 млрд теңгені құраған. Алыс шетелден келген туристердің орташа шығыны — 1 500 доллардың шамасында. Демек, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына келушілер ел экономикасына қосымша 625 мың АҚШ долларын қосқан.

## МӘЖІЛІС ТАУАР БИРЖАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАДЫ

Кеше палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжілістің жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар тауар биржалары мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.



Тауар биржалары мәселелері бойынша заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева бұл жоба Мемлекет басшысының биржалық тауарларға ашық баға белгілеуді қалыптастыру және «қалта» биржаларын нарықтан шығару жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленгенін атап өтті.

— Бұл заң жобасы бірқатар нақты проблемалық мәселені шешеді. Тауар биржалары шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері ретінде алынып тасталады. Брокерлер мен клирингтік орталықтарды лицензиялау және оларды қаржы мониторингі субъектілері санатына қосу қарастырылады. Стандартты аукцион және стандартталмаған тауарлар биржалық саудадан шығарылып, стандартталмаған тауарлармен сауда электронды сауда алаңдарына ауыстырылады, — деді Е.Смышляева.

Депутаттың айтуынша, мұның нәтижесінде отандық тауар өндірушілер жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алымдарына кедергісіз қол жеткізе алады. Осылайша, осы кәсіпорындардың төңірегінде отандық өндірушілердің белдеуі қалыптастырылады.

Мұның барлығы қаржылық тұрақтылық пен тауар биржалары жұмысының ашықтығына қойылатын талаптарды қанағаттандырып, мемлекеттік бақылауды күшейтеді. Мемлекеттік бақылауды Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі де кеңейтеді. Ол биржалық саудаға жосықсыз қатысушылардың тізілімін жүргізіп, тауар биржаларын лицензиядан айыруға және оларды тоқтатуға мүмкіндік алады.

Бұл ретте Үкімет конкурстық негізде әлеуметтік маңызы бар биржа тауарларының саудасы жүзеге асырылатын тауар биржаларының тізбесін айқындайды. Тауар биржаларының тізбесін Сауда және интеграция министрлігі бекітеді, оған көмір, бидай, мұнай және бірқатар азық-түлік өнімдері кіреді.

Баяндаманы тыңдаған депутаттар заң жобасын әзірлеушілер мен жауапты Үкімет мүшелеріне заң жобасының нормаларына қатысты сұрақтарын қойды. Талқылау нәтижесінде түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды.

Мәжіліс сондай-ақ 2022 жылғы 22 желтоқсанда Ташкентте жасалған Қазақстан мен

Өзбекстан үкіметтері арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады. Оны депутаттарға Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев таныстырды. Ол құжат 1997 жылғы жасалған келісімді өзектендіруге, экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталғанын айтты.

— Құжатта бірқатар жаңа бағыт көзделген. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оларды жою мәселелері бойынша мемлекеттік бақылау жүргізу қамтылады. Бауған өзбек тарапымен Арал бассейніндегі экологиялық жағдайды жақсарту бойынша бірлескен іс-шаралар әзірлеу және қоныс аударушы жануарларды қорғау шараларын үйлестіру де кіреді. Сондай-ақ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан—Өзбекстан бірлескен комиссиясы құрылады, — деді Экология министрі.

Жұмыс тобының жетекшісі Аян Зейнуллин қосымша баяндамасында келісімді ратификациялау екі елдің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, екіжақты экологиялық жобаларды жүзеге асыруға және өзара тиімді ынтымақтастықтың басқа да нысандарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұдан соң Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті «Пошта туралы» заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Дәулет Тұрлыханов Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында спорт мектептеріне көбірек көңіл бөлу мәселесін көтерді. Айтуынша, бүгінде Қазақстанда тек 510 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді, бұл 1991 жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Депутат жаңа спорт мектептерін құру және спорт секцияларын дамыту маңызды міндет екенін атап өтті.

«Осы жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында дені сау жастарды тәрбиелеудің және бүкіл ұлттың денсаулығын нығайтудың негізгі факторының бірі ретінде бұқаралық спортты

дамытудың маңызын атап өтті. Парижде өткен олимпиаданың нәтижелері қазақстандық спорттағы елеулі проблемаларды көрсетті: оқу орындары әкімшілігінің студенттік спортты дамытуға және жастардың жарыстарға қатысуына мотивацияның төмен деңгейі, өңірлерде олимпиадалық спорт түрлерін дамытудың төмен деңгейі және спортшыларды ұлттық құрамалар құрамына беруге мүдделілік болмауы.

Елімізде спортты қаржыландырудың жалпы сомасы шамамен 300 млрд теңгені құрайды, алайда бұл қаражат қанағаттанарлық нәтижелерге әкелмей отыр. Қазақстандық спортқа маңызды реформалар қажет. Ол үшін Президенттің спортты одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы Жарлығы шығарылуын, осы Жарлықты іске асыру жөніндегі Үкіметтің Қаулысы қабылдануын, спортты дамытудың 2025-2028 жылдарға арналған бағдарламасы және 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілуін ұсынамын», — деді Д.Тұрлыханов депутаттық сауалында.

Келесі бір депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Н.Сәрсенғалиев Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықовқа жолдаған депутаттық сауалында қазақ ескеріндегі қазіргі ахуал туралы айтты.

«Жауырды жаба тоқығанмен жараның жазылмайтыны белгілі, оның айғағы бейбіт күнде сарбаздарымыз түрлі дене жаракатын алып, кейбіреуі қайтыс болуда. Бұл бір емес, бірнеше рет қайталанған жағдай. Мәселен, соңғы үш жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер қайтыс болған, ал соңғы төрт жылда әскерде 86 суицид тіркелген, 20 әскери адам өз-өзіне қол салуға оқталған. Бұл — әскери прокуратура мәлімдеген ресми сан. Былтыр Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерде 50 мыңнан астам бейнекамера бар деді. Ондағы жазбалар қайда?»

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескеріп, еліміздің армиясындағы аталған келеңсіздікті тыю және алдын алу бойынша нақты шараларды қабылдауды және әскерилердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды қолға алып, олардың іске асуын жеделдетуді қолға алуды ұсынамын», — деді депутат Н.Сәрсенғалиев.

# АЭС САЛУДЫҢ МУЛЬТИПЛИКАТИВТІ ӘСЕРІ БАР

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың мүшелері кеше Алматы қаласында ғалымдармен, ЖОО оқытушыларымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесті. Штаб құрамында депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері бар. Кездесулерде АЭС салуға қатысты референдум аясындағы мәселелер талқыланды.



Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы бастамашы болған АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдум өткізу «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі мәнін айқын көрсететінін атап өтті. Сондай-ақ бұл кадам елдің одан әрі дамуы үшін жана мүмкіндіктерге жол ашатыны айтылды.

«Атом энергетикасын дамыту және атом электр стансаларын салу стратегиялық маңызға ие. Өйткені уақыт өткен сайын елде электр энергиясына деген сұраныс арта түсетіні түсінікті. Бұл ретте тұрақты энергия көздері болмаса айтарлықтай проблемаларға тап болуымыз мүмкін екенін ескеруіміз керек. Жалпы, электр энергиясын тұтынудың артуы – әлемдік үрдіске айналып отыр. Сондықтан аталған қуаттың жетіспеушілігі айқын байқалауда.

Осы орайда электр энергиясы көздерін әртараптандырудың маңызы зор», – деді Мәулен Әшімбаев.



Сонымен қатар штаб мүшелері Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің жас ғалымдарымен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Онда ғылыми-техникалық әлеуетті толығымен нығайту және өндіріске инновацияларды кеңінен енгізу мәселелері сөз болды. Одан бөлек, қатысушылар бұл бағыттағы маңызды мүмкіндіктердің бірі атом энергетикасын дамыту екеніне тоқталды.

«Атом энергетикасы – ғылымды қажет ететін сала. Ол жоғары білікті мамандар даярлауға және бүкіл экономикаға инновацияны енгізіп, ғылымның қолданысын арттыруға ықпал етеді. Қазақстан – уран өндіру бойынша әлемдегі көшбасшы ел. Бізде осы салада бірегей кәсіпорындар мен ғылыми орталықтар бар. Аталған басымдықты тиімді пайдаланып, жетекші және технологиялық елдердің біріне



айналу аса маңызды. Сондай-ақ АЭС салудың айтарлықтай мультипликативті әсері бар. Мындаған жана жұмыс орны ашылады. Атом электр стансасындағы әрбір жұмыс орны өзге салаларда 10-ға жуық қосымша жұмыс орнын қамтамасыз етеді», – деді Мәулен Әшімбаев.

Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесуде штаб мүшелері

АЭС салу ел дамуына қаншалықты тын серпін беретініне және референдумда әр қатысушының даусы маңызды екеніне назар аударды.

Дайындаған:  
Nur Media ЖШС.  
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов  
«AMANAT» партиясы» ҚБ  
қаражатынан төленді



Әлім ҒАЛЫМ (фотос)

## ҰЛЫТАУЛЫҚТАР АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб аймақтарда тұрғындармен кездесулер өткізуді жалғастыруда. Штаб мүшелері Ұлытау облысының тұрғындарымен атом электр стансасының болашағын талқылады.



Жезқазған қаласында Халықтық штабтың мүшелері өңір тұрғындарымен кездесу өткізді, оған 300-ге жуық адам қатысты. Кездесуде өңір экономикасының дамуы және атом энергетикасының экологиялық жағдайды жақсартудағы рөлі сөз болды.

Өнеркәсібі дамыған Ұлытау облысы көптеген экологиялық мәселеге тап болуда. Штаб мүшелерінің айтуынша, атом энергетикасына көшу ауаның ластану проблемасын шешудің тиімді тәсілі бола алады, өйткені АЭС – көмір электр стансаларына қарағанда әлдеқайда экологиялық тұрғыда таза. «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, АЭС – бұл энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздіктің кепілі.

«Қазіргідей әлемде ресурстарға, энергияға бәсеке күшейген уақытта елдің энергетикалық тәуелсіздігі, энергетикалық қауіпсіздігі бірінші орынға шығып отыр. Мұндай жағдайда

орынсыз үрей мен жөнсіз популизмнің жетегіне еріп, АЭС-ке қарсылық таныту ел болашағына жасалған қиянат болар еді.

Сондықтан Қазақстанда АЭС салу – өмірлік мәселе екенін баршамыз ұғынуымыз қажет. Біз осындай тағдырлы мәселелерді келер ұрпақтың мойнына артып кетпей, дәл бүгін батыл, дұрыс шешім қабылдауға тиіспіз. Ұлытау тұрғындарын бірігіп, ұлт болашағы үшін АЭС құрылысына қолдау білдіруге шақырамын!», – деді ол.


БАУТАҚ Қазақстан жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаевтың айтуынша, атом энергиясы таза және жасыл энергия көзі. Ол қазіргі реакторларда су технологиясы қолданылатынын және әлемнің ешбір елінде АЭС-пен байланысты апатты жағдайлар болмағанын атап өтті. Ал Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерболат Сатыбалдин қазір Қазақстан энергия

тапшылығын жою үшін жыл сайын Ресейден 100 миллиард тенгеге электр қуатын сатып алатынын еске салды. АЭС біздің елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Өз кезегінде Ұлытау облысының Азаматтық альянсының президенті Әсем Асанханова атом электр стансасының құрылысы бойынша референдум өткізу – елдегі демократиялық институттардың нығайуының маңызды көрсеткіші және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың дәлелі екенін атап өтті.

Сол күні Халықтық штабтың мүшелері Сәтбаев қаласына барып, Ғ. Омаров атындағы шахта ұңғылау тресінің жұмысшыларымен кездесті. Талқылауға 100-ден астам шахтер қатысты, онда энергетиканың және жалпы еңбек нарығының болашағы туралы негізгі мәселелер көтерілді. Қатысушылар Әділетті Қазақстан құру шахтерлердің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес екенін және бұл жерде энергетикалық тәуелсіздік басты рөл атқаратынын атап өтті.


Содан кейін Халықтық штабтың мүшелері Жезқазған мыс қорыту зауытының металлургиямен кездесті. Еңбек ұжымы АЭС құрылысы идеясына қолдау білдірді, себебі бұл энергияны көп қажет ететін саланы сенімді және тұрақты энергия қуатымен қамтамасыз етіп, кәсіпорынның шығындарын азайтады. Халықтық штабтың мүшелері атом энергетикасы еңбек жағдайларының жақсаруына және қызметкерлердің отбасыларының әлауқатының артуына ықпал ететінін айтты.

Дайындаған:  
Nur Media ЖШС.  
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов.  
«AMANAT» партиясының  
қаражатынан төленді



АЭС САЛУДЫ  
ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ  
ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ

АЭС ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ:  
[WWW.AES2024.KZ](http://WWW.AES2024.KZ)



# БАТЫЛ ШЕШІМДЕР УАҚЫТЫ!

## 6 қазан

Дайындаған: ЖК «ES Media». Тапсырыс беруші: Оспанов М.Ж.  
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

19 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



## ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінде Шымкент қаласындағы денсаулық сақтау саласында оң өзгеріс көп. Соңғы кездері бірқатар игі жаңалықтың куәсі болып жүрміз. Жуырда үшінші мегаполисте алғаш рет аурухана базасында госпиталдық фармацевтика бөлімшесі ашылды.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Шымкент қаласы

Қалалық балалар клиникалық ауруханасы базасында ашылған жаңа бөлімше қажетті медициналық жабдықтармен, медициналық және ламинарлық шкафтармен, ротациялық орау машинасымен жабдықталған. Бөлімшенің басты міндеті – дәрілік заттарды уақытты, сапалы дайындау және пневматикалық пошта арқылы медициналық ұйымның клиникалық және пара-клиникалық бөлімшелеріне жеткізу. Сонымен қатар қала ауруханаларында госпиталдық фармацевтика бөлімшесін ашу нәтижесінде дәрілік

бастап, қатарынан бірнеше анализ алынып, УДЗ түсірілген. Жүрек ритмі қалыптастырып, анализ гемоглобин 57 г/л, УДЗ іш қуысында 1000 мл-1200 мл қой сұйықтық берілді.

Жүрек соғысы қалыпқа келген науқасқа хирургтер мен анестезиологтер шешімімен жедел түрде ота жасалды. Ота кезінде іш қуысына 4 000 мл дейін қан болған. Жүрек тағы бір рет тоқтап, қалпына қайта келтірілді және қан құю процесі қатарынан жүргізілді. Операцияда бауыр мен асқазанаралық байлам ажыратылған анықталып, хирургиялық жолмен байланды. Дәрігерлер отаның сәтті өткенін айтып, екі тәуліктен кейін науқасты жансақтау



заттарды тиімді пайдалану есебінен бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге болады. Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлыбек Асылбеков қала әкімі Ғабит Әбдімажитұлының тапсырмасы аясында дәріні және бюджетті тиімді, ұтымды пайдалануға тапсырма беріліп отырғанын атап өтті. Аталған тапсырма аясында биыл 6 медициналық ұйым госпиталдық фармацевтика бөлімшесін қамтамасыз етілмек.

Шымкент қаласында балалар ауруханасы бойынша үлкен жетістіктерге жеттік деуге болады. Біз мұны көптен бері жоспарлап жүргенбіз. Бұл бөлімше дәріні тиімді рационалды пайдалануға өте қажет. Дәрігерлер дәріні әр баланың салмағына қарай тағайындап береді. Ал тағайындаған дәрінің өлшемі 20 мл немесе 50 мл болуы мүмкін. Өкінішке қарай, бұдан бұрын белгіленген мөлшерден қалып кеткені пайдаланылмайтын. Себебі дәріні стерильді препарат болғанын кейін пайдалануға болмайды. Ал енді қазіргі енгізіп жатқан жүйе ашылған дәріні тиімді пайдаланып, бір емес, екі балаға, тіпті үш балаға дейін тиісті құрамын сактай отырып пайдалануға жол береді. Мұнда адамның араласуы азайып, пневмопошта арқылы қажетті дозалар шприцке құйылады. Мұндай әдіс-тәсілдің берері көп, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сонымен қатар №1 қалалық клиникалық ауруханасына 60 жастағы ер кісі түнгі сағат 04.00-де жедел жәрдем көлігімен ауыр халде түскен. Жағдайының ауырлығына байланысты науқасты дәрігерлер реанимациялық залға кіргізіп, шұғыл көмек көрсетті. Науқас пульс анықталмай, есінен танып, жүрек соғысы болмаған. Медицина қызметкерлері жедел түрде реанимациялық шараларды

бөлімінен хирургия бөлімшесіне ауыстырған. Осылайша, пациент клиникалық өлім және ауыр ота жасалғанына қарамай тез айықты. Бір айға жуық медицина қызметкерлерінің бақылауында болған науқас сауығып, бүгінде ауруханадан үйіне оралды.

Жуырда Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлыбек Асылбеков Еңбекші ауданына қарасты Қаратөбе елді мекеніндегі тұрғындармен кездесу өткізді. Қаланың бас дәрігері кездесуде жергілікті халықтың пікірін тындап, медицина саласындағы тұрғындардың көкейде жүрген мәселелерін талқылады. Жергілікті тұрғындар тарапынан бекітілген халық тіркелімі бойынша «Дария-медикс» ЖШС-на тіркеп беруін сұранды. Басқарма басшысы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекітуі бойынша қордың бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде 1 қыркүйектен бастап 1 қараша аралығында бекіту науқаны жүргізілетінін түсіндірді. Аталған науқан аясында әрбір азамат өз қалауы бойынша емханаға тіркеле алады.

Одан бөлек, шымкенттік дәрігерлер трансплантация жасау бойынша елімізде алдыңғы қатарда тұрғанын айта кеткен жөн. Мәйіттен алынған жүрек трансплантациясы Шымкентте екінші рет жасалды. «Жүрек» орталығының қызметкерлері ағза алмастыру отасын өз күшімен жасайды. Мұндай жоғары технологиялық операциялар мемлекет тарапынан тегін жасалады.

Осыдан біраз уақыт бұрын дәрігерлер шымкенттік 58 жастағы азаматқа жол апатынан қайтыс болған 18 жасар жігіттің жүрегін сәтті қондырып берді.

# ҚАУІПСІЗДІККЕ БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

Әлем қазір атом энергиясы үздіксіз энергия өндірудің жалғыз ғана көзі екенін мойындады. Дегенмен қауіпсіздік пен ықтимал экологиялық салдарға қатысты алаңдаушылық бар екенін жасыруға болмайды. Сондықтан елімізде АЭС салу тақырыбы қозғалғалы бері қоғам талқысында қауіпсіздік мәселесіне көбірек мән беріліп отырғаны заңды да. Осы орайда біз Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты БН-350 реакторлық қондырғысы техникалық қолдау көрсету бөлімінің инженер-технологі Маржан Елтизаровамен атом қуатының қауіпсіздігі және экономикалық тиімділігі жөнінде әңімелескен едік.

— Сіздіңше, халықаралық ғылыми практикада қай елдің технологиясы озық және біз қай елдің тәжірибесіне жүгінгеніміз дұрыс?

— Бүгінде Франция атом энергетикасы саласындағы көшбасшылардың бірі саналады. Ол өзінің энергетикалық қажеттілігінің едәуір бөлігін қамтамасыз ету үшін атом электр стансаларын сәтті пайдалануда, бұл сенімділік пен тиімділіктің жоғары дәрежесін көрсетеді. Орталықтандырылған атом энергетикасына негізделген Француз моделі ядролық технологияны онтайлы пайдалануға және көміртегі шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Ресейдің, әсіресе ядролық реакторларды әзірлеу және пайдалану саласындағы тәжірибесіне назар аударуы керек. Ресейде қауіпсіз және тиімді ядролық қондырғыларды құрудың сәтті бағдарламалары бар, сонымен қатар басқа елдермен технологиялар мен тәжірибелермен белсенді бөліседі. Сонымен қатар қысқа мерзімде заманауи атом энергетикасын дамытып, өз технологияларын сәтті экспорттаған Оңтүстік Кореяның тәжірибесін ескерген жөн. Бұл Қазақстан үшін өз атом қуатын дамыту және энергетикалық тәуелсіздік деңгейін арттыру тұрғысынан пайдалы болуы мүмкін.

— Халықаралық тәжірибеде ядролық технологияларды дамыту бойынша Қазақстанның ғылыми әлеуеті қалай бағаланады? Мәселен, сала мамандары, республикада ядролық технологиялар саласында жоғары деңгейде дамыған ғылыми-техникалық инфрақұрылым бар, қазірдің өзінде ядролық отынды, яғни уран таблеткаларын дайындап жатырмыз дейді. Елімізде ядролық технологиялар және атом энергетикасын дамытудың артықшылықтары қандай деп ойлайсыз?

— Қазақстан ядролық технологиялар саласында айтарлықтай ғылыми әлеуетке ие. Елімізде ғылыми-техникалық инфрақұрылым, соның ішінде ядролық физика мен технологиямен айналысатын зерттеу реакторлары мен орталықтары бар. Қазақстан қазірдің өзінде ядролық отын өндіріп жатқаны энергетикалық тәуелсіздікке және халықаралық аренадағы позицияларды нығайтуға жасалған маңызды қадам.

Қазақстанда ядролық технологиялар мен атом энергетикасын дамытудың артықшылықтары алуан түрлі. Бірінші энергетикалық қауіпсіздік. Атом энергетикасы елдің көмірсутектер импортына тәуелділігін айтарлықтай төмендетіп, тұрақты энергиямен қамтамасыз ете алады. Екіншіден, көміртегі шығарындыларын азайтуға, яғни атом электр стансалары климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық мақсаттарға сәйкес келетін көмірқышқыл газын ең аз шығарын-

лен, бүгінгі күні атом энергиясын бір тарап «жасыл энергия көзі» мүлдем қауіпсіз десе, бір тарап оған күмәнмен қарайды. Мұндай қайшылықтың себебі не деп ойлайсыз?

— Атом электр стансалары экология мен адам денсаулығына он және теріс әсер етуі мүмкін. Бір жағынан, атом электр стансалары көміртегі шығарындыларын аз электр энергиясын өндіреді, бұл оларды жаһандық жылынуға қарсы күресте маңызды құрал етеді. Олар қазба отынына тәуелділікті азайтуға көмектеседі, бұл атмосфераның ластануын азайтуға көмектеседі. Дегенмен қауіпсіздік пен ықтимал экологиялық салдарға қатысты алаңдаушылық бар. Ядролық қалдықтарды басқару қиын міндет және оларды қауіпсіз сақтау және келге жерге қарату үшін ұзақмерзімді шешімдер қажет. Апат қаупі, қазіргі заманғы технологиялар оқиғалардың ықтималдығын айтарлықтай төмендетсе де, әлі де бар.

Чернобыль немесе Фукусима сияқты ірі апаттардың салдары халықтың қорқынышының негізсіз емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар атом электр стансасының адам денсаулығына тікелей әсері дұрыс пайдаланылған кезде аз болғанымен, кез келген оқиғалар жергілікті халықтың денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Атом энергетикасы мәселелеріндегі қайшылықтар ғылыми, әлеуметтік және тарихи факторлардың жиынтығынан туындайды. Бұрынғы ядролық апаттар қоғамның атом энергетикасын қабылдауына қатты әсер етті. Қорқыныш пен сенімсіздік ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мүмкін. Әр түрлі ақпарат көзі әртүрлі жарықта атом энергетикасын көрсете алады. Қолдаушылар экологиялық артықшылықтарға назар аударғанымен, сыншылар ықтимал қауіптер мен салдарға баса назар аударады.

Саяси және экономикалық мүдделер де маңызды рөл атқарады. Әртүрлі энергетикалық сектордың, соның ішінде жанарғылытын энергия көздерінің лоббизмі қоғамдық пікір мен энергетика саясатына әсер етуі мүмкін. Жергілікті қауымдастықтардың құқықтарына қатысты әлеуметтік аспектілер атом энергетикасын қабылдауға да әсер етеді. Ядролық энергетика «жасыл энергия» көзі ретінде оны дамытуға теңгерімді және саналы көзқарасты қажет ететін факторлардың күрделі үйлесімі салдарынан даулы болатыны заңдылық деп ойлаймын.

— Ал АЭС энергетикалық тәуелсіздікке қаншалықты көмек береді? Энергетикалық тәуелсіздік қандай жабу үшін елімізге қанша АЭС керек? Сонымен қатар АЭХА (МАГАТЭ) АЭС-тің қауіпсіздігін қаншалықты деңгейде бақылай алады?



дәрілермен электр энергиясын өндіреді. Үшіншіден, экономикалық даму тұрғысынан атом энергетикасын дамыту жоғары технологиялық секторларда жаңа жұмыс орындарын құра алады, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге инвестициялар тарта алады. Төртіншіден, ғылыми зерттеулер бағытында ядролық технологиялардың табысты дамуы ғылыми әлеуеттің өсуіне және ядролық физика мен инженерия саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың кенеюіне ықпал етуі мүмкін. Бесіншіден, Қазақстан Орталық Азиядағы ядролық технологиялар саласында көшбасшы бола алады, бұл оның өндіретін және халықаралық аренадағы ықпалын арттырады. Осылайша, ядролық технологияларды дамыту Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторы бола алады десек, артық айтқанымыз емес.

— АЭС-тің экологияға, жалпы ғаламдық жылынуға әсері қандай болады және адам денсаулығына тигізетін зияны жоқ па? Мәсе-

— Атом электр стансалары электр энергиясының тұрақты және сенімді көзін қамтамасыз ете отырып, елдің энергетикалық тәуелсіздігін едәуір арттыра алады. Олар импортталатын көмірсутектерге және басқа энергия көздеріне тәуелділікті азайтуға көмектеседі. Алайда толық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін атом электр стансаларын жанарғылытын көздер мен басқа технологияларды қоса алғанда, энергетикалық баланстың жалпы құрылымына біріктіру қажет. Қазақстанға энергия тапшылығын толық жабу үшін қажетті АЭС санына келетін болсақ, бұл бірқатар факторға байланысты: электр энергиясына ағымдағы қажеттілік, тұтынудың болжамды өсуі және қолданыстағы көздердің тиімділігі. Дәл бағалау үшін энергетикалық нарықты егжей-тегжейлі талдау және ұзақмерзімді стратегияны әзірлеу қажет. Қауіпсіздікті бақылау тұрғысынан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА) атом



электр стансалары үшін халықаралық стандарттар мен ұсыныстарды белгілейді. Ол тексерулер, бағалаулар жүргізеді және атом энергетикасын дамытатын елдерге техникалық көмек көрсетеді. Бақылау қауіпсіздік нормаларын сақтауды, ядролық қалдықтарды басқаруды және ядролық материалдың таралуын болдырмауды қамтиды. Алайда АЭС қауіпсіздігі үшін түпкілікті жауапкершілік әр елдің ұлттық реттеуші органдарына жүктеледі.

— Атомды «ядролық қару» ретінде қолдануға немесе «энергия көзі» ретінде тұтынуға болатын ембеге аян. Яғни, бізге АЭС салып беретін ел стансаның бейбіт мақсатта қолданылуына кепіл бола ала ма? Оларға біз өз тарапымыздан қандай талаптар қоя аламыз деп ойлайсыз?

— Атом электр стансаларын бейбіт мақсатта пайдалану кепілдіктері көптеген факторға, соның ішінде халықаралық міндеттемелерге, операциялардың ашықтығына және реттеуші бақылауларға байланысты. АЭС салатын елдер, әдетте АЭХА-мен келісімдер сияқты халықаралық ашықтығына және реттеуші бақылауларға байланысты. АЭС салатын елдер, әдетте АЭХА-мен келісімдер сияқты халықаралық нормалар мен стандарттарды сақтауға міндеттенеді. Алайда іс жүзінде Қазақстанның қауіпсіздікті қамтамасыз ету және теріс пайдаланудың алдын алу үшін бақылау мен мониторингтің нақты тетіктері болуы маңызды. Қазақстан АЭС салатын елдерге бірнеше негізгі талап қоя алады. Ашықтық және ашықтық бірінші кезектегі мәселе, серіктестер технология, қауіпсіздік және қалдықтарды басқаруды қоса алғанда, жоба туралы толық ақпарат беруі керек. АЭХА және басқа ұйымдар белгілеген қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау стандарттары бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, халықаралық нормаларды сақтау да сыни болып саналады.

Технологияларды беру және жергілікті персоналды оқыту Қазақстанның атом электр стансаларын басқару мен пайдаланудағы тәуелсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен жергілікті билік тарапынан тұрақты тексерулерді қоса алғанда, АЭС операцияларын тәуелсіз бақылау тетіктерін қамтамасыз ету маңызды. Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін Тұрақты даму жобалау мен құрылыста ескерілуі керек. Бұл талаптар Қазақстанға атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды қолдай отырып, қауіпсіз және тиімді ядролық бағдарлама құруға көмектеседі деген ойдамын.

— Қалр мәселесі қалай шешіледі? АЭС-ті салуға және оның қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге отандық мамандардың әлеуеті жете ме?

— Қазақстанда АЭС-ті қауіпсіз басқару үшін білікті мамандар бар. Елімізде Ұлттық ядролық орталық, Ядролық физика институты, «МАЭК» ЖШС-ындағы БН-350 реакторлық қондырғысы сияқты жұмыс істеп тұрған нысандарда еңбек ететін тәжірибелі инженерлер мен техникалық персонал бар. Қазақстан Ресей, АҚШ, Франция және басқа елдер сияқты атом энергетикасында тәжірибесі бар халықаралық ұйымдармен және елдермен белсенді ынтымақтасуы. Бұл ынтымақтастық кадрларды даярлауда маңызды рөл атқара алады. Технологиялар мен тәжірибені, сондай-ақ біліктілікті арттыру бағдарламаларын беру отандық мамандардың әлеуетін нығайтуға көмектеседі. БН-350 реакторының және басқа да байланысты жобалардың жұмыс тәжірибесі құзыретті кадрлардың болуын растайды. Қазақстанда атом энергетикасы саласында жұмыс істеуге мамандар дайындайтын оқу орындары бар. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақстан ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және басқа да оқу орындары ядролық физика мен инженерияға байланысты бағдарламаларды ұсынады.

Егер Қазақстанда жаңа АЭС салынатын болса, АЭС-ті қауіпсіз басқару үшін мамандарды қосымша оқыту және даярлау, сондай-ақ жаңа объектілердің қауіпсіз және тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін басқа елдерден сарапшылар тартылуы мүмкін. Қазақстанда АЭС-те жұмыс істеу үшін білікті мамандар бар деп айтуға болады және еліміз атом энергетикасының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасап жатыр.

— Әлтіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

# ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАБЫЛДАЙ БАСТАДЫ

Жетісу облысында биылғы күз берекелі болып тұр. Жергілікті бағбандардың айтуынша, жеміс-жидектен бұрын болып көрмеген өнім жиналуда. Астықтың да шығымы жақсы. Майлы дақылдарға жасалып отырған болжам да батыл. Ал еліміздегі қант қызылшасын өсіретін және қайта өңдеуден өткізіп, отандық ақ қант алатын аймақтың бірі болып саналатын өңірімізде биыл тәтті түбірге де үлкен үміт артылып отыр. Күні кеше облыстағы қант қызылшасын өсіретін аудандардағы қызылшашылар ерте көктемнен бастап төккен терлерінің өтеуіндей болған тәтті түбір тонналарын Ақсу және Көксу қант зауыттарына тапсыра бастады. Әзірге өнім өсірушілер мен қайта өңдеушілер арасында түсінбестік туындаған жоқ. Осыдан біраз бұрын бірқатар мәселе талқыланып, тиісті орындар екі тарапқа арағайын болған еді. Сол жемісін берген-ау деп ойлаймыз.

**А** **Болат АБАҒАН,**  
Жетісу облысы

Сонымен Ақсу және Көксу зауыттары қант қызылшасын өңдеуге кірісті. Белгіленген межеге сай облыста барлығы 615 мың тонна тәтті түбір өңделеді деп жоспарланған. Бастапқы нәтиже жаман емес, соған сай болжам шындыққа айналуға тиісті. Жалпы, маусым барысында 97 мың тонна қант шығарылатын болса, оның 67 мың тоннасы жергілікті қызылшадан және 30 мың тоннасы шетелдерден жеткізілетін қант құрағынан өндіріледі деп жоспарланған.

— Биыл Жетісу өңірінде қант қызылшасы 13,7 мың гектарда өсірілді. Облыстағы шекер шығаратын қос кәсіпорын маусымға жан-жақты дайындалып, күні кеше қант қызылшасын қабылдауды бастады. Көксу қант зауыты 57 мың тонна қант, оның ішінде 27 мың тонна құрақ қант, Ақсу қант зауыты тағы 40 мың тонна, оның ішінде 3 мың тонна құрақ қант өндіруді жоспарлап отыр. Өңіріміздегі 597



шаруа қожалығы тәтті түбір өсірумен айналысады. Оның ішіндегі 193 шаруа қожалығы Ақсу, Сарқан, Алақол аудандарында орналасқан. Бұлар шикізаттарын Ақсу қант зауытына өткізетін болса, Көксу қант зауытына шикізат Ескелді, Қаратал, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласынан жеткізіледі. Сатып алу бағасы

мемлекеттен 25 мың теңге, қант зауытынан 15 мың теңге, яғни тоннасына 40 мың теңге төленеді, — дейді облыстық Ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абаатовтың айтуынша, кәсіпорын бір жұмыс күнінде 5-6 мың тонна шикізат



қабылдауды жоспарлап отыр. Биыл облыста қант қызылшасынан мол өнім алынатындықтан, қант зауытының өндірістік қуаты 250 мың тоннаға дейін ұлғайтылыпты. Маусымдық жұмыста зауыт 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

«АқсуҚант» ЖШС бас директоры Самат Нәдірбаев: — Зауыт қызылшаны сақтауға және өңдеуге толық дайын. Шаруалардың бізге әкелетін шикізаты зауыттың 6-7 ай үздіксіз жұмыс істеуіне жетеді. Содан кейін біз жабдыкқа техникалық қызмет көрсетуді және зауытты келесі маусымға дайындауды бастаймыз. Жалпы, жергілікті халықтың 500-550 адамын жұмыспен қамтамасыз етіп отырмыз, — дейді.

Өнімін өңдеуге алып келген шаруа қожалықтарының жетекшілері де азды-көпті жетістіктерімен, алға жасап отырған жоспарларымен бөлісті.

— Былтыр 15 гектар жерге қант қызылшасын өсірсек, биыл 20 гектарға жеткіздік. Себебі мемлекеттен қолдау бар. Су да жеткілікті. Арзандатылған жанар-жағармай, минералды тыңайтқыштар да қарастырылған. Сонымен қатар бізде тәжірибелі адам ресурстары да бар. Зауытқа шаруа-

шылықтың егістік алқаптарынан 100 мың тоннаға жуық қызылша алып келдік. Орташа деңгейден жоғары өнім күтеміз, — дейді Сарқан ауданындағы «Божалакова» шаруа қожалығының өкілі Токтарбек Төлепбеков.

Қаратал ауданындағы «Ерғазин» шаруа қожалығының басшысы Ақылбек Ерғазинның айтуынша, биыл қызылша жақсы өскен, гектарына 60 тоннадан аса өнім алған.

— Биыл қант қызылшасын 14 гектарға өттік. Мемлекет тарапынан тұрақты түрде қолдау көрсетіліп жатқаны қуантады. Тыңайтқыштарға, пестицидтерге, тұқымдарға, суаруға субсидия беріледі. Зауыттар көлік шығындарын субсидиялайды. Осы қолдау қызылша саласын бірлесіп отырып, табысты дамытуға мүмкіндік береді, — дейді ол.

Жетісу өңірінде қант өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн. Былтыр қант қызылшасының егіс көлемі бірден екі есеге ұлғайтылып, 8,2 мың гектарға жеткізілсе, биыл қант қызылшасы 13,7 мың гектарға өгілді. Келесі жылы егіс көлемі 15 мың гектарға жетеді деген бар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# РЕФЕРЕНДУМ 2024

## «БЮЛЛЕТЕНЬ»

**2024 ЖЫЛЫ 6 ҚАЗАНДА «СІЗ ҚАЗАҚСТАНДА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН САЛУҒА КЕЛІСЕСІЗ БЕ?» ДЕГЕН САУАЛ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ. РЕФЕРЕНДУМДА ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕКЕ ДАУЫС БЕРЕДІ**

- ✓ Бюллетень жеке басын куәландыратын куәлікті көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтардың тізім негізінде беріледі.
- ✓ Бұдан кейін бюллетеньді алу туралы тізімге қол қоясыз.
- ✓ Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады.
- ✓ Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз.
- ✓ Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды.
- ✓ Кейін толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.
- ✓ Әркімнің дауысы маңызды!

**6 қазан**  
**октябрь**  
**РЕФЕРЕНДУМ · 2024**

Қазақстан Республикасының  
Орталық референдум комиссиясы

## ТАЛҚЫ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ:  
ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?ҚЫС ҚАМЫҢДЫ  
ЖАЗ ОЙЛА

(Басы 1-бетте)

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**  
Ақмола облысы

Ақмола облыстық әкімдігіне қарасты Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметіне қарағанда, жылу маусымына әзірлік штаттық режимде жүргізіліп, жылу көздері тұрақты жұмыс істеп тұр. Басқарманың мәліметінше, қысқы жылу маусымының қалыпты жағдайда болуын қамтамасыз ету мақсатында аймақта 1 142 қазандық, 786 білім беру нысаны, 567 денсаулық сақтау нысаны, 2 642 тұрғын үй толықтай жөнделіп, жылу маусымына сақалдай-сай әзірленген. Басқарманың дерегіне, тек биылғы жылы өңірдің жеті шақырымға жуық жылу желілеріне ағымдағы жөндеуден, сондай-ақ 20 шақырымнан астам желілер күрделі жөндеуден өткізілген. Сондай-ақ үш шақырым желі реконструкциядан өткен.

Құзырлы орган өткен жылдары апаттық жағдай болып, облыс әкімінің бастап барлық құзырлы органдарды түгелдей аяғынан тік тұрғызып Степногор қаласы мен маңындағы кенттерді жылумен қамтитын «Степногор» ЖЭС-ында де жөндеу жұмыстары талапқа сай жүргізілгенін жеткізді.

— «Степногор жылу электр стансасы» ЖШС-ында негізгі жабдықтарды жөндеу кестесіне сәйкес екі қазандық, 4 турбина,

3 қазандыққа ағымдағы және бір қазандық пен бір турбинаны күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған еді. Жергілікті жылу электр стансының ақпараты бойынша, бүгінде төрт турбина мен №2 қазандықтағы жөндеу жұмыстары аяқталған. Дегенмен үш қазандық пен бір турбинадағы жөндеу жұмыстары әлі жүргізіліп жатыр. Жалпы, аталған жылу жүйелерін жөндеуге 7,4 миллиард теңге сомасында қаражат бөлінген, — дейді Ақмола облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ақжол Қылышбаев.

Степногор қаласының жылу жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін мұнымен қоса Үкімет резервінен тағы 2,7 миллиард теңге қаражат бөлініп, «УК Строй» мердігер компаниясымен келісімшарт жасалған. Жергілікті биліктің мәліметінше, аталған қаражатқа 7,3 шақырым, яғни тиісті көлемнің 97 пайызы жөндеуден өткен. Мұнымен қоса, қала әкімдігі ұзындығы 9,6 шақырымдық жылу желілерін жаңғыртудың 2,1 миллиард теңге сомасындағы жобасы әзірленгенін хабарлаған. Қазір республикалық бюджеттен анықтау үшін бюджеттік өтінім берілген. Тиісті қаражат бөлінбесе де, жергілікті билік жобаны жүзеге асыра беруді жөн деп тауыпты.

— Жобаны бастай беру мақсатында облыстық бюджеттен 200 миллион теңге бөлініп, «КазЕвроСтрой» ЖШС-мен осы жылдың мамырында 1,8 миллиард теңге



сомасына келісімшарт жасалды. Бүгінде 1,3 шақырым ескі жылу жүйесі бұзылып, 0,7 шақырым монтаждалды, — дейді Ақжол Болатұлы.

Елдегі жылу электр стансасы болмағандықтан «Аристондар қаласы» атанып кеткен Көкшетауда өткен қыс біршама әбгерге салған. Биыл жылу стансасын салу мәселесі республикалық деңгейде тағы көтеріліп, ресейлік компаниялар арқылы жұмысты бастау жөнінде келісімдер жасалды. Дегенмен жергілікті облыстық бюджет қоржынынан қолда бар жылу қазандықтары мен жылу жүйелерін жөндеуге де қолмақты қаражат жұмсалыпты.

Құзырлы жергілікті орган мәліметінше, биыл облыс орталығындағы жылу жүйелерін жөндеуден өткізуге 3,7 миллиард теңге қаражат бөлінген. Оның ішінде күл үйіндісі дамбасын ұлғайту және пульпа-өткізгіш жүйелердің реконструкция

жұмыстарына 2,3 миллиард теңге қаржы бөлініп, «РИКАЗ» ЖШС-мен келісімшарт жасалған.

— Бүгінгі күнге диаметрі 400 мм пульпаөткізгіштердің тарату жүйесінің ескі құбырлары бұзылып алынып, дамба тостағанының көлемін өсіру үшін негізін әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазір жұмыстың жартысы жүзеге асырылды, — деп толықтырды басқарма басшысы.

Басқарма мәліметінше, облыс орталығының жылу маусымына әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында 559 миллион теңгеге жылу желілеріне жөндеу жұмыстары басталып, «ПромЭнергоНаладка» ЖШС-мен келісімшарт жасалған. Қазіргі уақытқа дейін 5,3 шақырымдық жылу жүйесі жөндеген.

Қаланың басты жылу қазандықтары РК-1 және РК-2 жылу қазандықтарын

жөндеу үшін бюджеттің бүйірінен 816 миллион теңге бөлініпті.

— Келісімшарт «КазЭнергоМонтажLtd» ЖШС және «ПромЭнергоНаладка» компаниясымен жасалып бүгінге дейін жұмыстар 99 пайызға дейін аяқталды, — делі Ақжол Болатұлы.

Қаланың негізгі бөлігінде халық жер үйлерде тұратындықтан, шаһардың көмірге деген сұранысы да үлкен. Тек бір жылу маусымына облыс орталығының қара алтына қажеттілігі 426,8 мың тоннаны құрайды. Басқарма мәліметінше, қазір қаладағы көмір қоры 15 мың тоннаны, ал мазут қоры 1 470 тоннаны құрайды.

Аймақтағы жылу маусымы кезінде жылда күрделі қиындықтар туындап жататын шаһардың бірі — Атбасар қаласы. Жылу жүйелерінің әбден тозуы салдарынан қала жұртшылығы үйлерінің суық екенін айтып жиі шағымданады. Құзырлы органның мәліметінше, биыл Атбасар қаласында қатты тозып кеткен 8,7 шақырым жылу жүйелерін жөндеу мақсатында Үкіметтің резерв қорынан 0,8 миллиард теңге бөлінген. Бүгінгі күнге дейін 7,8 шақырымға жөндеу жүргізіліпті.

Мұнымен қоса, Атбасар қаласында жергілікті биліктің араласуымен жылу желілерінің құрылысы және реконструкциясы жобасы жүзеге асырыла бастаған. Аталған жұмысты жүргізуге «НС Система» ЖШС-мен 8,3 миллиард теңгеге келісімшарт жасалып, бүгінге дейін бір шақырым жылу жүйелері жөндеуден өткен.

Құзырлы органдар мен жергілікті билік алдағы жылу маусымына әзірліктің қалыпты штаттық режимде жүргізіліп жатқанын айтады. Дегенмен қылышың шүйреткен қысқы уақытта жоғарыда аталған әзірлік сыңға түсер шағарта тағы да халық жылусыз қалмаса дейміз...

## СЫРДЫ САРСАҢҒА САЛМАСЫН

Жылу маусымы басталған сәттен сырбойлықтар сарсаңға түседі. Өйткені өңірде жылда жылуға қатысты жағдай мәз емес. Бірінің үйіне жылу дұрыс берілмесе, енді бірі жылу құбырларынан ақау шыққанын айтып, дабыл қағады. Сондай сәтте ала жаздай жылыту маусымына дайындық жүргізіп жатырмыз деп сүйіншілейтін тиісті орындар әуре-сарсаңға түседі. Ал биылғы ахуал қалай? Жылдағы олқылықтар қайталанбай ма?

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**  
Қызылорда облысы

Былыр Президенттің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда алдағы жылу маусымына дайындық барысы пысықталған болатын. Мәжілісте жауапты министрлер мен бірқатар өңір басшысының атқарылған жұмыстары баяндалып, нақты тапсырмалар жүктелген еді.

Бұл тұрғыда Қызылорда облысында жылу беру маусымына дайындық бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізіліп жатқаны мәлім болды. Негізінде, биыл өңірде жылумен қамту нысандарына 12 млрд теңге, оның ішінде жылу-энергия көздерін жаңғыртуға 4 млрд 800 млн теңге қаржы бөлінген. Соның негізінде «Қызылорда жылу-электр орталығы» Оңтүстік қазандықтары «Бонэ энерджи» маркалы үш бу қазандығы жаңғыртылып, жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 2 газотурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатыр екен. Қазір мамандар тиісті жұмыстың 95 пайызы орындалып отырғанын алға тарттады.

Сонымен қатар биыл жылу желілерін жаңғыртуға бағытталған 6 жобаны іске асыруға бюджеттен 6 млрд 900 млн теңге бөлінді. Оған межелі 9,5 шақырым жылу желісінің 7,2 шақырымы жүргізілген. Құзырлы орындар облысқа қарасты 1 067 әлеуметтік нысан жылу маусымына 100 пайыз дайын екенін мәлімдеді.

Қатты отынға қатысты мәселе де көптің көкейінде тұр. Әсіресе, шалғай ауылдардағы ағайындар мен кейбір әлеуметтік нысанда мұқтаждық басым. Қолда бар мәліметке сәйкес, Сыр өңіріне қыс мезгілінде 192,8 мың тонна көмір қажет. Қатты отынның 164,5 мың



тоннасы тұрғындардың үлесіне тисе, 28,3 мың тоннасы әлеуметтік нысандардың қажеттілігіне жаратылатын болады. Бүгінгі күнге дейін облысқа 34,8 мың тонна көмір әкелінген. Бұған қоса, қоймаларда өткен маусымнан қалған 37 мың тонна қор бар.

Қызылорда облысы әкімдігінің өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Измағамбетов те көмір мәселесінде қиындық жоқ екеніне сендіріп отыр.

«Облыс көлемінде 26 өңірлік оператор, нақты айтқанда, 9 ЖШС мен 17 жеке кәсіпкер жұмыс істеп жатыр. Жалпы, көмір жетіспеушілігі деген мәселе жоқ. Сонымен қатар тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында көмірдің бағасы мен қоймалардағы нақты көмір қоры, олардың мекенжайларын ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде, — делі бұл жайында Бауыржан Нұрланұлы.

Жоспарға сәйкес, қыркүйектің аяғына дейін өңірде 44 мың тонна көмір жеткізіледі деп күтілуде. Қатты отынның бағасы маркасына қарай 17 мың мен 23 мың теңгенің аралығында бағаланып отыр.

Құзырлы орын тарапынан жылу маусымына дайындық жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанын айтып, алаңдауға негіз жоқ екенін жеткізді. Алайда тұрғындардың көңілі ток емес. Жылда жылуға қатысты жыр таусылмайтынын айтып, ашынып отыр.

«Үйіміз 2022 жылы пайдалануға берілген. Әуелі жап-жана баспанаға қол жеткіздік деп қуанғанбыз. Алайда жылу мәселесіне келгенде жабырқап қаламыз. Негізінде, қалада жылуға қатысты жыр жылда таусылмайды. Әсіресе, тұрғын үйлерге байланысты түйтіл көп. Көп жағдайда күн суытып, аяз қысқанда ғана

мамандар тұрғын үйлердің жылу жүйелерін тексеруге көшеді. Соның салдарынан жылу кейде ала құла берілсе, көп жағдайда тексеру жөндеу жұмыстары аяқталғанша жылусыз қалатын тұрғын үйлер аз емес. Бытыр да жылуға жарымадық. Электр пешімен жан бағып шықтық. Тек батареялардағы суды қатырмай, ұстап тұратын температурада ғана жылу беріліп тұрды. Биыл да сондай жағдай қайталанба екен», — дейді Қызылорда қаласындағы сол жағалау тұрғыны Фараби Ержас.

Шындығында, жылу беру маусымы басталған тұста қала аумағындағы тұрғындардың жылуға қатысты өкпе-реніші артады. Жоғарыда айтып өткендей, бірі жылу ала-құла беріліп тұрғанына шағымдана, енді бірі тұрғын үй өңіресінен су кетіп жатқанын айтып, дабыл қағады. Осыдан кейін жаз бойына тиісті мамандардың жылу маусымына дайындық жұмыстарын қаншалықты деңгейде жүргізгені байқалып жатады.

Негізінен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының оңтүстік өңірлерде электр энергиясы тапшылығын болдырмау тапсырмасына және қолданыстағы орталықтың тозығы жетуіне байланысты Сыр өңірінде жаңа жылу орталығының құрылысы басталғаны мәлім. Түрік инвесторымен бірлесіп атқарылып жатқан жобаның құны 215 млрд теңгені құрайды.

Шетелдік инвестиция есебінен салынатын бұл жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын өндіруге қауқарлы. Соған орай мамандар жоба жүзеге асырылғанда Қызылорда облысы электр энергиясымен, Қызылорда қаласы жылу энергиясы және ыстық сумен толық қамтылатынын айтып жүр. Орталық 2025 жылы іске қосылады деп межеленген.

Жалпы, жаңа жылу орталығының пайдалануға берілуі арқылы Сыр өңіріндегі жылуға қатысты көптеген қордаланған мәселе шешімін табар деген үміт басым.

## ҚАУІП ПЕН САҚТЫҚ

Орал қаласындағы әлеуметтік нысандар жылыту маусымына 100 пайыз дайын, ал қаланың өзі жылыту маусымына 95 пайыз дайын. Бүгінде қаладағы барлық әлеуметтік нысан арнайы тексерістен өтіп, жылыту маусымына рұқсат беретін құжатын алып отыр.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**

Биыл БҚО-да жылыту маусымына дайындық барысында облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің бұйрығымен облыстық штаб құрылған болатын. Осы штаб мүшелері облыстың жылыту маусымына дайындығымен айналысты. Жылдағы дәстүр бойынша көктем шығып, жер ағы кеніген бойда алдағы қысқа дайындық басталады. Мұндай дайындықтар кезінде электр желілері мен жылыту желілеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Биылғы жазда 288 шақырым инженерлік желілерге жөндеу жүргізілген. Мұның 4,2 шақырымы жылыту желілері, ал қалғаны су мен газдың желілері. Біздің облыс жылыту жүйесіне газды пайдаланады, осы ретте 4,5 шақырым газ өткізу желілері жөндегенін атап өтейік.

— Биылғы жылыту маусымына дейін бюджет есебінен бірнеше нысанға жөндеу жүргізу жоспарланған болатын. Қазір су бұратын төрт басты көріздік сору стансаларына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұлардың ішінде екінші және үшінші көріздік сору стансаларының құрылысы биыл аяқталады. Қалғаны 2025 жылға ауысады. Бұдан басқа, №5 жылу магистраліне және «Жайықжылукуат» АҚ-ның №1 турбоагрегатын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталуда, құрылыс монтаждау жұмыстары 80-95% орындалып отыр. №2 жылу магистраліне мердігер мекемені анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ақсай қаласында 4, 5 және 10-шағынауандарын сумен жабдықтау желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары 30-50% аяқталды. Барлық жоба толық қаражатпен қамтамасыз етілген, жылыту маусымына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, — деп атап өтті БҚО Энергетика және ТҮКШ басшысы Мирас Мүлқай.

Жылыту маусымы үшін Орал қаласында газ ғана қолданылады. Ал көмір негізінде аудандағы, ауылдағы әлеуметтік нысандар үшін пайдаланылады.

Штаб отырысында айтылғандай, жылыту маусымына білім беру нысандары мен мәдениет нысандары 97 пайызға дайын.

БҚО-да негізгі жылыту маусымына аса бір қатты қиындықтар бола бермейді. Аңталап, айлап жылусыз қалған кездер сонғы жылдары болмаған. Бірақ Оралда кейбір көпқабатты үйлер қыста жылусыз қалатын кездері болады. Қаланың дәл ортасында отырып, «бізде жылу жоқ» деп тұрғындар талай дабыл қатты. Біз осы мәселені «ЖайықЖылуҚуат» мекемесінің басшысының орынбасары Бекболат Камешов айттық.

— Иә, бытыр Зашағандағы бір-екі үй жылусыз қалды. Бірақ ол орталық жылу стансасының проблемасы емес. Біз жылуды үйге дейін жіберіп тұрмыз. Жертөлелігі құбырлардың бәрін жылу барып тұрып, талай тексердік. Бұл үйлердің мәселесі. Сол үйлердің пәтер иелері кооперативі өзара келісуі керек, — деп атап өтті «ЖайықЖылуҚуат» мекемесі басшысының орынбасары Бекболат Камешов.

Орал қаласы бойынша 1 210 көпқабатты тұрғын үй бар екен. Ал осы үйлер жылыту маусымына тек 37 пайыз дайын болып шықты. «ЖайықЖылуҚуат» мамандарының айтуынша, көпқабатты үйлерді жылыту маусымына дайындық кезінде басты келергін адамдардың өздері келтіреді. Біріншіден, өткен жылыту маусымының қарыздарын уақытылы төлемейді. Екіншіден, күндіз көбі жұмыста, кешкісін бәрін бір уақытта аралап шығу мүмкін емес. Ол аздай, көпқабатты тұрғын үйлердің көбінде пәтерді жалға алушылар тұрады. Оларды ұстауда, қарызды қайтаруда да қиындық бар.

Орал қаласындағы «Жайықжылукуат» АҚ 1 667 нысанды жылу энергиясымен қамтамасыз етеді, оның ішінде 1 215 тұрғын үй, 42 балабақша, 85 оқу орны, 33 денсаулық сақтау нысаны, 5 әлеуметтік қорғау нысаны, 23 мәдениет нысаны бар, 268-і басқа ұйымдар. Биылғы жылы қаладағы жөндеу жұмыстары үшін 569,267 млн қаржы бөлінген.



# АЙМАҚ

19 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

Көктен иіп, жерден беріп, биылғы егін бітік шықты. Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер мен өңірдегі жергілікті атқарушы органдар сары алтындай егістік алқаптардан бұрын-соңды болмаған өнім аламыз деп желпініп отыр. Дегенмен еліміздің солтүстік аймағындағы басты астықты өңірлерде жаз бойы сібірлеп жауған жаңбыр нақ егін орағы тұсында тағы жалғасып, үлкен кедергісін тигізіп тұр.

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Көктемнің басындағы тұтас елді дүрлік-тірген топан судан әуірімдеп әзер шыққан дикан қауым егіс науқаны басталар тұстақ төпелей жауған нөсер жауыннан бидайды кешуілетіп еккен. Ал кеш себілген дәннің едәуір кештетіп пісетіні тағы белгілі. Сала мамандары мен тәжірибелі дикандардың айтуынша, егіс науқаны кеш аяқталғандықтан, қауыздағы дән де әлі жөнді піспеген. Қыркүйектің соңына таман ғана баданадай дән жинауға әзір болмақ. Қазір егін орағына кірісу үшін тас-түйін әзір отырған шаруалар ашық күннің әр сәтін қалт жібермей, бітік егінді ысырапсыз жинаудың әлегімен жүр. Баданадай болған егін көктеп кетіп, былтырғы ауыр жағдай қайталана ма деп қауіптенген дикандар бар күш-қуатын алтын астықты шашау шығармай жинап алуға жұмсамақ. Алайда елдің ауыл шаруашылығының адымын аштырмай, алға басқан қадамын кері қарай шегеретін түрлі аса ірі себептер саланың дамуына мүмкіндік берер емес.

Тамыздың басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға дейінгі Қазақстанның Ұлттық даму жоспарын бекіткен еді. Аталған жоспар Үкіметтің алдағы бес жылға елдің экономикалық және әлеуметтік дамуындағы басты мақсаттары мен жоспарларын қамтиды. Halyk Finance сарапшыларының айтқан пікірлеріне жүгінсек, аталған жоспарда Қазақстанның қазіргі даму үлгісіне алып-қосар нақты ешқандай өзгеріс жоқ. Ұлттық жоспарда агроөнеркәсіп кешенінің дамуы саласында да айтарлықтай күрделі мәселелердің бар екені тайға таңба басқандай көрсетілген. Атап айтқанда, өнімділіктің төмендігі, инфрақұрылымның нашар дамуы, ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың жабдықталуының тым әлсіздігі мен денгейінің тым төмендігі көрсетілген. Дегенмен мемлекет соншалықты аса қоммақты қаражат бөліп күш салғанымен, ауыл шаруашылығының дамуында қажетті нәтижеге жете алмағанын анықтайтын сыни талдау болмаған. Ұсынылған саланы дамуы жоспарлары осыған дейінгі тәсілді қайталап, саланың біржола әлемдік нарықта ойып тұрып орын алуға бағыт сілтейтін тетік табылмаған.

Қазақ елі әлемдегі ауыл шаруашылығы саласына арналған жер көлемінен алтыншы орынға ие. Осына мүмкіндіктері болғанымен елдегі ауыл шаруашылығының соңғы ондаған жыл көлемінде ішкі жалпы өнім көлеміндегі үлесі тым төмендеп кеткен. Небәрі бес пайыздық деңгейден әрі аспай келеді. Салыстырмалы түрде Қазақстанның климаттық жағдайымен өзара ұқсас Өзбекстанда ауыл шаруашылығының ішкі жалпы өнімдегі үлесі 25 пайыздан асып жығылған. Тіпті, Қырғыз еліндегі ауыл шаруашылығына арналған жерінің көлемі біршама төмен болғанымен, ішкі жалпы өнімдегі үлесі 14 пайызға жетіп жығылған.

Өзбектердің тіпті соңғы жылдары қазақ бидайын қайта өңдеудің арқасында үн

**Осы жылдың 6 қыркүйегінде Батыс Қазақстан облысының теміржол фитосанитарлық посттарында аумақтық инспекция инспекторлары Ресей Федерациясының Саратов облысынан келген 4 вагон (251 тонна) бидайды тауып, кері қайтарған.**

экспорты жөнінен әлемдік көшбасшы ойыншылардың қатарына енгені анықталды. Жакында Парламент Сенатының депутаты Арман Өтегүлов Қазақстанның мақарон мен үн өндірудің орнына құр астықты ғана экспортқа көбірек шығарып жатқанын сын садағына алған. Оның айтуынша, көршілес өзбек елі қазақ бидайын қайта өңдеп, халықаралық нарыққа шығаруды сәтті жолға қойып алған. Сенат депутаты осыған орай қазырылы министрліктегілер мен Үкіметке депутаттық сауал да жолдаған.

— Өзбекстан жыл сайын 1 миллион тоннаға дейін қазақ бидайын қайта өңдеп, үн өнімдерін Ауған нарығына жеткізу арқылы үн экспортынан нағыз көшбасшы елге айналды. Ал биылғы қазақ астығының Өзбекстанға экспорты 1,3 миллион тоннаға жетті, — дейді Арман Өтегүлов.

Бұған Қазақстандағы диірмендер тұралап, шаруасы шатқаяқтап кеткені себеп болған. Нарықтық себептерге байланысты жүздеген диірмен омақса құлаған орнынан енді тұрмастай болып жабылып тынған. Салыстырмалы түрде айтсақ, 250 диірменнің қазір небәрі 70-і ғана жұмыс істеп тұрған болып шықты. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елде, тіпті 2 мыңға жуық диірмен болған. Яғни, нақты статистиканы сөйлестек, сол кездегі нарықтық экономикадағы өрескел қателіктерден 1 750 астықты қайта өңдейтін кәсіпорын

## КӨРШІНІҢ МҰРТТЫҢ ҚАШАҢҒЫ МАЙЛАЙМЫЗ?



жабылып, 70 мыңға жуық жұмыс орны түбегейлі жойылған.

— Астықты өңдеудегі бұл тұралаудың салдары мемлекеттік мүдде мен фермерлердің экономикалық жағдайына да елеулі кері ықпалын тигізді, — дейді сенатор.

Сенат депутаты бұл орайда агроөнеркәсіптік өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нақты жобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Арман Өтегүловтың айтуынша, елде астық экспортының орнына сол астықты терендетіп қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың қатарын көбірек ұлғайту қажет.

Елдегі ауыл шаруашылығы министрлігі астық нарығындағы жағдайды қалыпта келтіріп ел мүддесін қорғау мақсатында Қазақстанға өзге елдерден барлық көлік түрімен бидай жеткізілуіне тыйым салған еді. Мұндай істі министрлік елдің тек жыл басынан бері ғана 1,3 миллион тонна астық импорттап, іс жүзінде былтырғы жылдың бір жылдық импортына жетіп жығылғанымен



Алайда көршілес елдерден Қазақстанға бидай жеткізушілердің арыны әлі басылар емес. Мұны Ауыл шаруашылығы министрлігіндегілер де растады. Мәселен, осы жылдың 6 қыркүйегінде Батыс Қазақстан облысының теміржол фитосанитарлық посттарында аумақтық инспекция инспекторлары Ресей Федерациясының Саратов облысынан келген 4 вагон (251 тонна) бидайды тауып, кері қайтарған.

Вагондардың Талдықорғанға бағытталғаны анықталған. Яғни, «бармақ басты, көз қыстымен» контрабандалық дөңді-дақылдар ел аумағына әлі де болса заңсыз жолмен түсіп, бұл елдің фитосанитарлық және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруін тоқтатпай тұр.

Дикан қауымы мен тұтас сала мамандарын қамбауға тәсе бастаған астықтың биыл да шамалдан тыс ылғалды болуы аса қатты алаңдатып тұрған жағы бар. Ауыл шаруашылығы министрлігінің БАҚ өкілдеріне таратқан ресми мәліметтеріне сенсек, соғылған астық қазірдің өзінде 8 миллион тоннаға жеткен. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 50 пайызға жоғары. Тамыздағы және қыркүйектің басындағы жауын-шашыннан астық шамалдан тыс ылғалды болған. Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігі астықты аймақтарға аграрлық шаруашылықтарды астықты кептіргіштермен және элеваторлардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету міндетін тапсырды. Бұл орайда министр Айдарбек Сапаров облыс әкімдері орынбасарларымен өткен жиында егін орағына барлық ресурстарды жұмылдыру қажеттігін ескерткен.

— Аграрлық шаруашылықтар көтерген барлық мәселені жедел арада шешу қажет. Қостанай облысы элеваторында маман тапшылығынан үш ауысымдағы жұмысты ұйымдастыра алмай отыр. Қазір астық қабылдау кәсіпорындарының тәулік бойғы жұмысын қамтамасыз ету қажет. Өйткені алдағы уақытта тағы көлік кептелістері болып, адамдар ұзақ уақыт құр босқа кезек

күтумен уақытын зая етуі мүмкін, — деді министр Айдарбек Сапаров.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, астықты аймақтарда тәулігіне 923 мың тонна астықты қабылдауға қауқарлы 1,3 мыңнан астам астық кептіргіштер бар. Былтырғы жылдың күзінде 78 агрегат сатып алынған. Қазір тағы қосымша 82 агрегат қажет. Биыл астық кептіргіштерді

мың тонна астық жеткізілген. Түскен өнімнің 61,4 пайыздан астамы 3-класты бидайды құрайды.

Жыл сайын астық, әсіресе бидайдың азық-түлік келісімшарт корпорациясында бағасының тым кешуілетіп қойылуы да шаруалардың шымбайына қатты бататын аса өзекті мәселе. Биылғы бидайдың бағасын Ауыл шаруашылығы министрлігі 80-85 мың теңгеге қою туралы ұсынған. Қазір шаруалардың шашын ағартатын аса өзекті мәселе форвардтық сатып алу шенберіндегі азық-түлік келісімшарт корпорациясының астық бағасын бекітуі мен субсидия төлеуі болып отыр. Аталған мәселені Қостанай облысы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері ассоциациясының өкілі Александр Бородин министр Айдарбек Сапаровтың Қостанай облысына сапары кезінде де көтерген еді. Ассоциация азық-түлік келісімшарт корпорациясына 3-класты бидайдың бағасын 105 мың теңгеден, 4-класты бидайды 95 мың теңгеден бекітуді өтініп ұсынысын жолдаған. Александр Бородин министрліктің бидай бағасын 80-85 мың теңге көлемінде ұсынып отырғанын атады. Ал АТКК-нің баға қоюда өз көзқарасы бар. Дегенмен баға әлі талқыға түсіп жақын арада жария етілмек.

Тағы бір аса маңызды жайт субсидиялық қаражатқа байланысты министр жылдық 5 пайыздық несие беруге баса назар аударылатынын айтты. Ал ауыл шаруашылығы ассоциациясы несиелердің тек пайыздық мөлшерлемесі 2,5 пайыздан болса ғана қолжетімді болатынын айтады.

— Бүгінде еліміз бойынша субсидия қарыздарының көлемі 362 млрд теңгеге жетіп жығылды. Қазір 80 млрд теңге соманы резервтік қордан бөлу туралы белгілі бір келісімдер бар. Қалған сома бойынша кесте жасалып, біртіндеп өтеу басталмақ, — дейді министр Айдарбек Сапаров.

Ауыл шаруашылығы министрі бидай бағасының тоннасы 80-85 мың теңгеге сатылымы жеткілікті десе де, дикан қауымының бұл уәжен келіскісі жоқ. Өйткені жанбырдың салдарынан Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарындағы шаруалар ресми түрде егін орағы жарияланғанымен жауыннан көз ашпауына байланысты нақанды уақытында бастай алмаған. Егін кеш піскендіктен сапасынан айырылып, масақта тұрған күйі дөңдері түсіп, ауруға ұшырап тіпті көктеп кетуі бек мүмкін. Ауа райы жауын-шашынның салдарынан теріскей облыстардың бәрінде жағдай бір тектес. Дикан қауымның көпшілігі диірменге тартуға жарамды бидайдың жақсы сапада болмағына күмәнмен қарайды. Ал астық сапасы болмаса бар маңдай тері мен қаржысын жұмсағанымен көңілге қоныма бағаға өткізе алмайды. Егер бидайдың сапасы жақсы болса hi-pro бағасы тоннасына 100 мың теңгеге жетіп отыр. Ал көпшілікке ортақ 3-класты бидай қазір 70 мың теңгеге бағаланған. Ал кластан тыс бидай, тіпті 43 мың теңге сомаға ғана бағаланып отыр. Дикан қауым бұл құнның тым төмендігін тым құрығанда мемлекетпен қойылатын баға 110 мың теңге болуға тиіс деп есептейді.

Күн райының ашық уақыты барынша сәтті пайдалану қажеттігін жергілікті құзырлы органдар да қуаттап отыр. Мәселен, Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов өңір шаруашылықтар жұмыстарын қызу жүргізіп жатыр деп есептейді.

— Өрине, қыркүйектің бастапқы күндері жанбырлы болып егін орағына айтарлықтай кедергі туғызғанымен соңғы күндері ауа райы ашылып, орақ науқаны қарбалас жүріп жатыр. Қазір бәрі ойдағыдай науқан жүріп жатыр. Элеваторлар бәрі астық қабылдауға әзір. Қазір облыста ота есеппен гектарына 12,3 центнерден айналып жатыр. Бұл нашар көрсеткіш емес. Ауа райы ашық болып жатса алдағы уақытта астықты ысырапсыз жинап аламыз деген ойдамын, — дейді Кенеш Әлімжанов.

Ашық күн райының ауадай қажеттігін дикандар да түсініп, әр жылы күнді тиімді пайдалану үшін барын салып жанталасып жатыр. Бітік егінді шашау шығармай жинауға тырысқан Егіндікөл ауданындағы «Коржынкөл-А» ЖШС-ның директоры Әбілқайыр Ошақбаев та жанбырдың салдарынан орасан тынған болуы мүмкін екенін жасырмады.

— Жанбырдың салдарынан егістік алқабы үлкен зиян шегеді. Бірінші кезекте арпа масағынан түсіп қалады. Аз-маз күн ашылса бірден орауға кірісіп жатырмыз. Тым құрығанда 10-20 гектар болса да орып ала беріп жатырмыз. Егер жанбыр жалғаса берсе аса үлкен шығындар болмақ. Біріншіден, сапа төмендейді. Биыл егін кеш егілуінен әрі су тасқынынан салдарынан көп егін әлі пісіп үлгерген жоқ, — дейді Әбілқайыр Ошақбаев.

Дикан қауымның қазіргі бар ойы — ашық күнде егін орағын ысырапсыз жинап алу. Алайда жоғарыда айтылған аса үлкен әрі күрделі мәселелер Үкіметтен бастап барлық министрлік пен әкімдіктен тиісті әрі жедел шешім шығаруды қажет етеді. Бағаның да дикан қауымына қолайсыз бағасы осыған дейін онсыз да шаш етекпен шыққан шаруалардың шығынын жаппай қалуы кәдік. Саяси сахнада да қазақ бидайының сыртқа тек шикізат күйінде ғана тасымалданып, өнімнің өңделмеуі өзіміздің емес, «көршілеріміздің» мұртын майлап үн өндірісінен көшбасшы болғаны — аса өзекті мәселе. Сондықтан жауапты органдар өгіздің де өлмей, арбаның да сынбауын қадағалап, опандырар әрекетке жол бермесе екен дейсін...

астық қамбаға түскен. Элеваторларға 880

19 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



Жалғас ҚАЗЫБЕК:

# ОЙЛАНУ – ЕҢ ІЗГІ ЖОЛ



« – Әскерге кеттім. Елді дұрыстап қорғаймын, әке! – Дұрыстап қорған, балам», «Қазақ тілі курсың 15 қазақ тәмамдадық, Андрей ағайға рақмет!», « – Қыз баласына қол көтеруге бола ма, әке? – Дауыс та көтеруге болмайды, балам». Бұл – «Аққұйын» кітабынан келтірілген үзінділер. 18 жастағы қаламгер Жалғас Қазыбектің осындай қысқа әңгімелер жинағымен жарыққа шыққан «Аққұйын» кітабы бүгінде оқырманын тауып үлгерген. Тұрасын айтқанда, кітаптың ерекшелігі – бүгінгі ең актуалды тақырыптарын шығарманың негізгі өзегі етуі және оның тым қысқа диалогпен берілуі. Қысқа айтылған ойдан тақырып толық ашыла ма? Оқырман одан не түйеді? Осындай сауалдардың жауабын анық білу үшін жас қаламгердің өзін әңгімеге тартып көрдік.

## Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Өлең, повесть жазуды 13 жасынан бастаған ол 15 жасында өңгіме жазуға бет бұрып, алғашқы кітабын жарыққа шығарды. Шығармашылық жолға келіп, қолына қалам ұстауын анасының ақындығымен байланыстыратынын айтты. Мектеп қабырғасынан бастап домбыраны серік етіп, өлең оқудан республикалық, халықаралық мұшәйралар мен айтыстардан қалмай, қанжығасы жиі майланатынын және өмірлік жолының өзегі өнерде екенін тілге тиек етті.

– Ұлтымызда ышқына, үрей сыйлай соккан желді һәм дауылды «Аққұйын» деп атайды. Менің де өзегімді өртеп, жүрегіме тыным бермеген ойларым түн іші ақ паракка қара қаламмен төгіліп түсетін. Соған орай осылай атаған едім. Атақты Тұрмағанбеттің термесі «Ел үшін туған ер болсаң, Пайдасын ойла халқыңның» деп басталушы еді. Жұртымның жайын, ұлттың қамын шығармашылығыма қоссам, сол – менің жақсылық қылғаным. Бір қазақ баласына болсын кітап ұстата алсам, сол – менің жазудағы жетістігім. Осы себептер ұлы мақсатқа демеу мен қарқын сыйлады. Нақты айтар болсам, қазір кітап жазу көп уақыт ала қоймайды. Өйткені қысқа әңгімелер болғандықтан солай. Алғашқы кітабым 4 ай көлемінде жазылып, жарыққа шықса, екіншісі сәл ұзаққа созылды. 7 ай жазылып, оқырманға жол тартты, – деді ол.

Қаламгер үшін оқырманға көркем дүние сыйлай алу жеткілікті емес екенін, ашы көрінгендерді де баса айтып анық көрсетуді дұрыс деп бағамдайтын Жалғас дәл қазіргі күні қоғамдағы ең өзекті деген мәселелерді тақырыптың арқауы еткенді жөн санайды. «Аққұйындағы» көнілсіз диалогтар осы бір қаламгердің позициясын айқын көрсетсе керек.

– Көрмейін десем көзім бар, айтпайын десем сөзім бар. Ойшыл Сократ «Талқыға салған кезде ғана ақиқаттың беті ашылады» дейді. Оқырманға ұсынған өңгіме жақсы бір ой салса, оның несі жаман? Ар мәселесі, ұлттық көзқарас,



отбасылық құндылықтар сынды талқылануы, көтерілуі тиіс мәселелер жабулы күйінде қалып кетіп жатқандықтан, ол дүниелер көбейе береді. Есіңізде болсын, ең күйінішті ақиқат ең ұнамды адасудан әлдеқайда артық, – деп пайымын жеткізді.

«Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» деген, небәрі 18 жасында екі қатар диалогтан астарлы ой жеткізетін Жалғастың мұндай шығармашылық арнасы не себепті осы бағытқа бұрғанын сұрағанымызда, небір оқиғаны көзімен көргенін мысалға келтірді: кеш кірсе, әкесінен тығылатын аруды, ес кірсе, атасының өлімін күтетін мемерені, зират жағалаған жесір әйелді, ешкім қарамаған жетім сәбиді, қара нан аңсаған қара халықты, жағынын шаршаған жемкор басшыны, ұлынан қорыққан көрі шешей мен жарынан жалыққан жетесіз күйеуді һәм әскерге шабытпен кетіп, табытпен оралған жас сарбазды, өзі өрген арқанға өзі оратылған марқұм туысты көру, сірә, жеткілікті болар.

Кай салада да «ұстаз, шәкірт» ұғымы бар. Не болмаса біреуге қарап бой түзеу,

алған бағытына бағдар еткен тұлғалар болатыны рас. Ал Жалғас Қазыбек ешкімге ұқсағысы келмейтінін, әр қаламгердің өзіндік қолтаңбасы болуы керек екенін қадап айтты.

– Мен ешкімге ұқсағым келмейді. Ал бағыт берушілер жөнінде кеңінен, тереңнен қозғай аламын. Алматыдағы Абай атындағы «Дарын» мектебін біреу білсе, бірі білмес. Нағыз таланттар мен білімділердің тоғысқан ортасына топ ете түскен 13 жасар Жалғасқа өлеңді үйретіп, домбыраны ұстатқан ұстаздар бүгінде көзге мақтамаса да, арқамнан қағып, сыртымнан сүйсініп қоятын секілді. Белгілі ақын Серік Калиев, журналист, шешен Жарқын Сәленұлы, академиялық білім мен өмірлік тағылым ұсынған Динара Ғабитқызы, Алтынбек Ибрагимов сынды ғажап мұғалімдердің мектебінен өттім. Сол кісілердің бағыты әлі жетелеп келеді. Ал стилім – өзімдікі. Толстойдың «Біз даналықты үш жолмен үйренеміз: ойлану – ең ізгі жол, еліктеу – ең жеңіл жол және үшіншісі, тәжірибе жолы – ең ауыр жол» деген жақсы бір сөзі бар. Мен осылардың алғашқысын таңдадым, – деді Ж.Қазыбек.

Әрине, әр жазушының стилі, қолтаңбасы болғаны дұрыс. Өміршең оқиға тақырыбын ғана шығармасының негізгі арқауы ететін Жалғасқа кейбір жазатын диалогтары өзіне ауыр тиетінін жасырмады. Мысалы:

– Өзім бір мұңлы жаналықты естігеннен кейін туған өңгіме бар еді. «Кеше менің 5 жасар қарындасым газға тамақ пісіріпті. Жұртқа палау ұнады». Өмірге әкесі жоқ жас бүлдіршіннің газға ас әзірлеуінің өзі қандай, суық еді. Абайсыздықтан апаптың болғаны анық-ақ. Кішкентай қыздың дүние салғанын «палау» арқылы жеткізім келді. Жақынымыз қайтқанда басылатын палаудың осы өңгімеге сай келгені ғой. Көңіл түспесін. Іні-қарындастарымызды байқайық, аялайық, – деп сөзін түйді ол.

Әдебиетші қауымды біріктіретін шығармашылық ұйым Жазушылар одағында кілең қаламы мықтылар жиылады. Қалың оқырман іздеп жүріп оқытын кітаптардың, адамның ой-өрісін кеңейтіп тын көзқарасқа, биік парасатқа жетелейтін шығарманың авторлары осында деуге әбден негіз бар. Яғни, өзін жазушы ретінде дәлелденгендер мен бұл атаққа лайықтылар ғана осы орталықтан орын табады. Бір ай бұрын ғана Жалғас Қазыбек те аталмыш одақтың мүшелігіне үміткер атанған болатын. Алдағы уақытта жас қаламгердің еңбегі қалай бағаланатыны – уақыттың еншісінде. Десе де, кітаптың жалғасын асыға күтіп, оны іздеп жүріп оқытын оқырманы бар қаламгердің шығармашылық жолы ұзақ болады деп сенеміз.



## ҚҰЛПЫТАС – БІР ХАЛЫҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Алматыда «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері және «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Рисала-йи жанайиз (Жаназә кітабы)» кітаптарының тұсаукесері өтті.

Аталмыш тарихи еңбектердің таныстырылымы Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты және Ислам Ғылымдарының Ұйымы жанындағы Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA) ұйымдастырған «Алтын Орда және оның мұрагерлерінің арабжазулы эпиграфикасы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми семинары аясында өтті.

«Ақтөбеде «Абат-Байтақ» қорымы бар. Сондағы араб графикасымен жазылған 343 құлпытастың мәтіні осы еңбекте үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланып отыр. Бұл – айтулы ғылыми оқиға. Себебі Ислам өркениетінің ішінде қазақ ескерткіштерінің орны ерекше. «Абат-Байтақ» қорымы Алтын Орданың үлкен қаласы болған Ортақ шаһарының қасында орналасқан.

400 жылдық тарихты қамтиды. Тарихқа ең сенімді дерек – бұл эпиграфикалық жәдігерлер. Себебі тасқа жазылған нәрсені қайта өзгерте алмайсың», – деді Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығының Орта Азия бойынша директоры Әшірбек Муминов.

Кітапқа мәтіні енген құлыптастар – XVIII-XIX ғасырдың ескерткіштері. Құлыптастарды зерттеу Қазақстанда енді жанданып келеді.

«1979 жылы алғаш рет «Қазақ эпиграфикасы» деген кітап шыққан. Онда көне түркілерден қалған руникалық әріптермен жазылған эпиграфтар зерттелген. Араб әріптерімен енді зерттеліп жатыр. Құлыптастар – бір халықтың төлқұжаты. Сондықтан оны зерттеу – маңызды», – деді Түркиядан келген профессор Осман Кабадайы.

## ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Алматыда Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қоры» КеАҚ-ның ұйымдастыруымен шетелдегі және Қазақстандағы отандас кәсіпкерлер арасында іскерлік байланыстарды нығайтуға бағытталған «Отандастар» бизнес-форумы өтті.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шарға 12 елден 50-ден аса шетелдегі қандас кәсіпкерлер мен 150-ге жуық қазақстандық қатысушы қатысты. Форумға Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті, QazTrade сауда саясатын дамыту орталығы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, Kazakh Invest АҚ өкілдері қатысып, Қазақстанда бизнес ашу және жүргізу мүмкіндіктері туралы мәліметтермен бөлісті.

Форумның бірінші пленарлық сессиясында DAMU BUSINESS GROUP, TAS FINANCE GROUP, Steppe & World, Hazifa, Kazakh Aty сияқты түрлі отандық кәсіптің негізін қалаушылары Қазақстанда бизнес жүргізу жолдары және мүмкіндіктері туралы баяндамалар жасады.

Екінші пленарлық сессияда әр елден келген қандас кәсіпкерлер өз бизнесстерін

таныстырып, тәжірибе алмасты және жаңа серіктестермен байланыс орнатты. Іс-шара Қазақстанның экономикалық бағдарламалары мен инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыруға, сондай-ақ шетелдік кәсіпкерлерге жаннамалық қолдау көрсетуді талқылауға бағытталды.

Форумның жабылу сессиясында «Отандастар қоры» КеАҚ президенті Данияр Қалдыров «Шетелдегі және Қазақстандағы отандас кәсіпкерлердің Кеңесін» құруды ұсынды. Бұл кеңес шетелдегі және Қазақстандағы отандас кәсіпкерлердің бизнес белсенділігін арттыруға және олардың мәдени-гуманитарлық құндылықтарын сақтауға бағытталған бастамаларды қолдауды көздейді.

## АМУР ЖОЛБАРЫСЫН ЖЕРСІНДІРЕМІЗ

Елімізге жолбарыстар популяциясын дамыту мақсатында Голландиядан екі Амур жолбарысы әкелінбек.

«Іле өзенінің жағасындағы орманда Балқашқа құятын жерінде Тұран жолбарысы мекендеген. Соңғы жолбарысы 1948 жылы байқалған. Жолбарыстың популяциясын дамыту бойынша биыл қыркүйектің соңына дейін Голландиядан екі Амур жолбарысын алып келіп, жерсіндіреміз. Олар суыққа төзімді. Ал келесі жылы Ресейден тағы 4 жолбарыс әкелеміз. Бізде жолбарыстың популяциясын қалпына келтіру мәселесін шешуге арналған осындай бағдарлама бар», – деді Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОНИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Бағдат ЖАНҒАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(7101) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(7171) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4498  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,